

ӘОЖ 323.1(574)

Ә.С. Қайдарова, Ш.Б. Халикова, Ә.Т. Мухитденова\*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*E-mail: assem07@mail.ru

### Қазақстан Республикасындағы ұлттық идеяны жүзеге асырудың механизмдері мен принциптері

Бұл мақалада Қазақстанның ұлттық идеясының жүзеге асуының мәселелері мен аспектілері қарастырылған. Сондай-ақ ұлттық идеяның жүзеге асу механизмдері мен оның ерекшеліктері көрсетілген. Ұлттық идеяны жүзеге асыруда мемлекет жетекшілік ететін принциптер көрсетілген.

Ұлттық идея – бір ұранға жұмылдырылған бұл барлық ұлттарға арналған идея, барлығын жұмылдыратын барлығы үшін негізгі идея болып табылатыны аталып көрсетілген.

Қазақстанның мемлекеттік, жалпыұлттық идеясының қалыптасуының кейбір ғылыми аспектілері мен мәселелері қарастырылады. Мемлекеттегі ұлттық идея мәселесін зерттеу қазіргі саяси ғылымдағы даулы тақырыптардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы сияқты полиэтникалық мемлекеттегі ұлттық идеяның өзектілігі көрсетілген. Мемлекеттік идеяны ұсынатын этноәлеуметтік топтардың мүдделері мен ерекшеліктері айқындалған.

**Түйін сөздер:** патриотизм, ұлттық идея, этнос, идеология, мемлекет.

A.S. Kaidarova, Sh.B. Halikova, A.T. Muhitdenova

### Mechanisms and guidelines for implementing the national idea in the Republic of Kazakhstan

This article discusses the problems and aspects of implementation of the national idea of Kazakhstan. Also raises questions about the mechanisms of implementation of the national idea and its features. This principles, which should guide the government in the implementation of the national idea. National idea – it is an idea common for all people of the country, stimulating and basic idea for all, united by the same slogan.

Also this article considers some problems and scientific aspects of creating nationwide and idea of Kazakhstanian state. Study of the problem of the national idea in the state is one of the controversial topics in contemporary political science. Denotes the relevance of the national idea in a multiethnic state like the Republic of Kazakhstan. The features and interests ethno groups that foster the advancement of the national idea.

**Key words:** national idea, ideology, ethnos, patriotism, government.

Ә.С. Қайдарова, Ш.Б. Халикова, Ә.Т. Мухитденова

### Механизмы и принципы реализации национальной идеи в Республике Казахстан

В этой статье рассматриваются проблемы и аспекты реализации национальной идеи Казахстана. Поднимается вопрос о механизмах реализации национальной идеи и ее особенностях.

Указаны принципы, которыми должно руководствоваться государство в реализации национальной идеи. Национальная идея – это идея для сплочения всех наций под одним девизом.

Также изучаются проблемы и некоторые научные аспекты формирования общенациональной, государственной идеи Казахстана. Исследование проблемы национальной идеи в государстве является одним из спорных тем в современной политической науке. Обозначена актуальность национальной идеи в полиэтническом государстве, как Республика Казахстан. Выявлены особенности и интересы этносоциальных групп, способствующие выдвигению государственной идеи.

**Ключевые слова:** патриотизм, национальная идея, этнос, идеология, государство.

Қазақстандағы ұлттық идеяны іске асырудағы басты фактор мемлекет болып табылады. Басқару факторы арқылы ғана ұлттық идеяны толыққанды жүзеге асыруға болады. Ол үшін ең бастысы ұлттық идея туралы бағдарлама қабылдап, оны жүзеге асыру шараларын белгілеу қажет. Ұлттық идея үшін жұмысты бала бақшадан бастау керек. Сәбилердің жүрегінде өз Отанына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін ұялату керек.

Ұлттық идеологияның бекуінде ең негізгі рөлді саяси және интеллектуалдық элита ойнайды.

Осы орайда мемлекет тарапынан кешенді іс-әрекеттің болуы уақыт талабынан туған қажеттілігі. «Жер, Ел, Тіл» үш байлық, үш бірлігін сақтау, дамыту, кемелдендіру және аманаттау; адамгершілік сапалары: адалдық, әділеттілік, қайырымдылық, тазалық, шыншылдық және т.б. үлгі-өнеге ету; ар-намыс, ұждан, ұят-тарихы категорияларын тек мемлекеттік қызметкерлерден талап етіп қоймай, барша халықтан талап етіп, оны жаңа сипат, мазмұнға лайықтау қажет. Ар-намыс, ұят, ұждан әрбір адамзатқа тиесілі. Олар іштен туа пайда болмайтындығын ескерсек және қоғамдық қатынастарда, адамдардың түрлі қарым-қатынас, қызмет әсерінен қалыптасатынын ескеріп, адамгершілік тәрбиенің мақсаты, міндеті, мазмұны және оны жүзеге асыру жолдары жан-жақты қарастырылуы тиіс. Сондықтан, адамгершілік тәрбиесінің методологиялық, теориялық ғылыми негіздері мемлекеттік бағдарлылықпен, әдістемелері кешенді қарастыруы қажет деп ойлаймыз.

Бүгінде Қазақстан үшін ар мен намысын сақтаған әр адам үшін, біздің көп азап шеккен Отанымыз қымбат, бұл ұғыммен бірінші кезекте, ұлттық қауіпсіздік доктринасын қалыптастыруды бірдейлестіреді.

Бала тәрбиесі үшін барлық ақпарат құралдарында қазақтың құндылықтарын дәріптеп, мақтаныш сезімін тудыру және намысшылдықты дәріптеу. Оқу бағдарламаларына намысшылдық пен мақтаныш сезімін тудыратын тарихи шы-

ғармаларды көптеп енгізу. Дін мен ділдің, тіл мен тарихтың шындығын ашып, адамгершілік пен ұлттық намысты жетілдіру.

*Қазақстандағы ұлттық идеяның аспектілері:*

1 Саяси мемлекеттік. Бұл аспектіде қазақ ұлтын басқа этностардың құқын кемсітпей, қазақ ұлтын қорғайтын, мемлекеттік дәрежеде қолдайтын бағдарлама мен шаралар қабылдау. Қазақ ұлтының мемлекет құраушы рөлін мойындайтын Конституцияға бап енгізу.

2 Әлеуметтік экономикалық аспектісі ұлттық идеяның Елбасы көтеріп жүрген әлемнің бәсекеге қабілетті отыз елінің қатарына кіру идеясы. Сонымен қатар қазақтарға әлеуметтік қолдау көрсететін, қазақ ұлтының материалдық жағдайын көтеруді қамтамасыз ететін бағдарламалар қабылдау.

3 Рухани мәдени аспектісі ұлттық рухты көтеру. Осы үшін жұмыс істеу. Ұлттық рухты патриотизм, тіл, діл арқылы ғана көтеруге болады.

4 Тіл мәселесі. Яғни қазақ тілінің жалпыұлттық рөлін көтеру.

5 Қазақтың ұлттық құндылықтарына басымдық берілуі тиіс деген бапты Ұлттық саясат тұжырымдамасы мен Конституцияға енгізу.

Қазақстандағы ұлттық идеяның пайда болуы эволюциясын ұлттықпен қатар кең мағынада жалпыөркеніеттік деңгейде қарастыру қажет.

Ұлттық идея оның барлық өзгеруіне қарамастан, қоғамның ортақ мақсаты мен бағытын көрсететін халықтың көпшілігі қолдайтын құндылықтармен анықталатын идеалдармен сәйкессіздіктеріне қарамастан, осы фактіден шыға отырып, жүргізілген талдау негізінде біз қазіргі қазақстандық азаматтардың құндылықтар жүйесі қазіргі кезеңдегі Қазақстанның ұлттық идеясының қалыптасуының потенциалды алғышарттарының бірі бола алады.

Қазақстандықтардың барлығы ұстанатын құндылықтардың ішінде: патриотизм, мәдени мұра, тіл, отбасы, әділеттілік, тәртіп, мұсылман этикасының құндылықтары анықталды. Қазақстандықтардың арасында бүгінде мемлекеттілік идеясы да біршама танымал болып табылады.

Жүргізілген талдау бізге Қазақстан дамуының ерекше жолын жақтайтын қазақстандықтардың санының тұрақты өсіп келе жатқандығын көрсетті. Негізгі сипаттамалардың ішінде келесілерді бөліп көрсетуге болады: халықаралық сахнада күшті және беделді мемлекет идеалы, терең мүліктік жіктелу мен әлеуметтік әділетсіздікті қабылдамау, коммунизм мен либерализмнің радикалды көрністеріне қатысты қарсылық, қазақ мәдениетін, қазақ салт-дәстүрлерін, құндылықтарын дамыту мен сақтау қажеттілігі.

Біздің ойымызша бүгінгі күнде қазақстандық партиялар қандай да бір нақты идеологияның, олардың классикалық тұжырымдамасындағы ұстанушысы емес, партиялардың идеологиялық негіздері (тек қазақстандық емес) жоқ. Бұл біздің ойымызша ұлттық идея мен идеологияның қалыптасуы үшін, кедергіден гөрі барынша қолайлы фактор болып табылады.

Талдау Қазақстан азаматтарының көпшілігінің құндылықтар жүйесімен көбіне үйлесетін келесі құндылықтық ұстанымдарды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді: күшті мемлекет идеясы, дәстүрге сүйену, елдің тарихи тәжірибесі, «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» концепциясы, патриотизм, әлеуметтік әділеттілік, еркіндік пен тәртіп. Бұлар «интегративтік» идеологияның негізін құрай алады.

Қазақстанның одан арғы даму жолын таңдауда қарама-қайшылықты көзқарастар да кездеседі, мысалы, дәстүрлі құндылықтар мен идеяларға сүйенетін ерекше өркениет ретінде дамуы, социалистік немесе коммунистік келе-

шектегі таңдауы, Қазақстан дамуының еуропалық жолы.


Интегративтік идеологияның қалыптасу келешегін зерттей отыра біз интеллектуалды элитаның идеологиялық ұстанымдарының талдауға сүйенеміз [1], ол ғылыми әлемнің өкілдерінің көпшілігі өздерінің идеологиялық ұстанымдарын классикалық идеология шеңберінде емес, халықты қорғау туралы, олардың талқылау ортасына адам, оның құқығы, қоғамның барлық топтарының мүдделерін сақтау қойылған гуманистік терминдерде тұжырымдайды деп қорытуға мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, ұлттық идея қоғамда орнығуы үшін қоғамдық сананың ділдік деңгейін қамтуы, онда тамырлануы тиіс. Оның үстіне саяси сана қоғамдық сананың бір формасы ретінде ұлттық идеяны құрайтын жалпыұлттық құндылықтардың өзінше генераторы болып табылады.

Ұлттық идея мүдделер емес, құндылықтар саласына жататынына қарамастан ең алдымен, ұлттық құндылықтарды нақты түсіну жағдайында қалыптасатын қоғамның мүдделерін рухани түсіну арқылы жүзеге асатын ұлттық идея мен мүдденің байланысын атап көрсетеді.

Ұлттық идея бір елде әртүрлі этностардан біртұтас ұлт жасақтауды мақсат тұтпауы керек. Сонымен қатар ұлттық идея жалғыз қазақтардың ғана мүддесін дәріптейді деп ойлау да қате.

Эксперттердің пікірінше ұлттық идеяны жүзеге асыруға, басты кедергі келтіретін фактор сыбайлас жемқорлық болып табылады. Одан кейін әлеуметтік теңсіздік, кедейшілік, мемлекеттік басқарудың тиімсіздігі жатады.




1-сурет – Ұлттық идеяны жүзеге асыруға кедергі болатын қандай факторлар деген сауалға эксперттердің пікірі

Эксперттердің көпшілігі ұлттық идеяның қайнар көзі Президент болуы керек деп санайды. Біразы қоғамның өзі десе, ал біразы Үкімет пен парламентті санайды. Ең төменгі нәтижені оппозиция алады. Ұлттың әл-ауқаты биліктің тиімділігімен байланысты. Бұдан көпшіліктің ұлттық идеяны Президентке сеніп тапсыратынын көреміз (5-суретті қараңыз).


Ұлттық идеяны жүзеге асыруға өзінің қатыстылығын, бірігіп жұмыс істеуге дайындықтарын эксперттердің көпшілігі білдірді. Бұдан біз ұлттық идеяны жүзеге асыруға қызығушылық танытатынын байқауға болады. Осылайша, эксперттердің көпшілігі ұлттық идеяны бірігіп жүзеге асыруға дайындығы мен өзінің қатыстылығын білдірді.

«Қазақстандық» ұғымын талқылауда пікірлердің әртүрлілігі анықталды. Біразы бұл ұғымды Қазақстандағы өмірмен, бір бөлігі патриоттық сезіммен, келесілері азаматтықпен байланыстырады. Мемлекеттік тілді білу мен ұлттық текпен де байланыстырады. Бұл жағдай (7-суретті қараңыз). «қазақстандық» ұғымының маңайына жұмылдыру үшін әлі көп идеологиялық жұмыс жасау қажеттігін көрсетеді.


Қазақстан қоғамы үшін басты құндылықты отбасы, молшылық пен тәртіп, тұрақтылық пен тәуелсіздік құрайтынын көреміз (8-суретті қараңыз). Одан кейін патриотизм, мәдени мұра, тіл, әділеттілік, мемлекеттілік, еркіндік, демократиялық даму, құқықтық мемлекет екені айқындалды.




2-сурет – Ұлттық идеяның қайнар көзі кім болуға тиіс деген сұраққа эксперттердің пікірі



3-сурет – Ұлттық идеяны кімге сеніп тапсырасыз және оны жүзеге асыруда кімнің артынан жүруге дайынсыз деген сауалға эксперттердің пікірі



4-сурет – «Қазақстандық» ұғымы сіз үшін нені білдіреді



5-сурет – Сіз үшін барынша құнды не деген сауалға эксперттердің пікірі

Ізденушінің ойынша Қазақстанның ұлттық саясатының концепциясы келесі негізгі бөліктерді қамтуы тиіс:

1 *Ұлттық идеяны қалыптастырудың стратегиялық мақсаты:*

Ұлттық идеяның рухани жағы қазақ халқының өзінің қазақ екенін мақтан тұтуы. Қазақстандағы кез келген этностың өкілі өзінің Қазақстанда тұратынын мақтан еткенде ғана біз жалпыұлттық идеяға қол жеткіземіз. Бұл ел экономикасын, халықтың әлеуметтік, рухани

жағынан алдыңғы қатарға көтеру. Біз әр қазақстандықтың оның ішінде қазақтардың өзінің қазақ екендігін мақтаныш сезімімен айтқанда, жүрегімен қазақ болғанын мақтан тұтқанда ғана ұлттық идея қалыптасқанын көреміз. Бізге бірақ идея керек ол қазақ болу идеясы. Қазақстанда қазақ рухы барлық салалардан, өмірдің барлық ашық және жасырын қалтарыстарынан сезініп тұруы қажет. Әр қазақтың рухы қазақ болуы керек. Ол тілімен, ділімен, ең алдымен рухымен қазақ болуы тиіс. Ұлттың рухы биік болса, өресі

биік болады. Ол үшін ұлттың рухын көтеру жолында жұмыс жасалуы тиіс. Материалдық жағынан қорғалған, білімді, рухы биік адам ғана өз Отанының патриоты бола алады.

2 *Ұлттық идеяның стратегиялық міндеттері*: Еліміз тәуелсіздігін алған бүгінгі кезеңде бізге ең керегі – патриоттық сезім. Халқымыздың негізі елін, жерін, егемендігін шын жүректен сүйетін нағыз патриотқа айналмай елдің тез өсіп, жедел дамып кетуі екі талай.

Қазақ ұлтының қатардағы ұлт ретіндегі және сонымен бірге мемлекеттің негізін құрушы ұлт ретіндегі конституциялық құқығын қорғау, қалпына келтіру және гүлдендіру – бүгінгі Қазақстанның мемлекеттік идеологиясының басты нысанына ашық айналуы тиіс.

Қазақстан Республикасының ұлттық идеясын қалыптастырудың *басым бағыттары* мыналар болып табылады:

Ұлттық идеяның бірінші басымдығы – *ел бірлігін сақтау*. Ел бірлігі ұлттық идеяның ұйытқысы. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, интеллектуалды қоғамды қалыптастыру. Өркениетті мемлекет құру. Қазақтарды мемлекет құраушы ұлт ретінде жаңа белеске көтеріліп, Қазақстан халқының берік өзегіне, сенімді дінгеіне айналдыру. Мемлекеттік деңгейде қазақ этносын қолдайтын, оның барлық аспектілерін қарастыратын бағдарлама қабылдау керек. Бұған қаржылай бекітілген және заңдық күші бар, қазақ этносына тілді меңгеру, білім, денсаулық сақтау саласында қолдауды және жұмыспен, сәйкесінше баспанамен қамтамасыз етуді қарастыратын құжаттардың толық пакеті кіру керек.

«Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру үшін келесі *міндеттерді* орындау керек:

- қазақстандық халықтың ұлттық тұрмыстың барлық салаларында материалдықпен қатар, рухани салаларда өмір сапасының күрт жақсаруы;
- әр халықтың маңызды құраушы белгісі ретінде ұлттық болмысты дамыту;
- ұлтаралық қатынастарды үйлестіру, ұлтаралық келісім мен бейбітшілікті нығайту;
- жаңа қазақстандық интернационализмді дамыған, күшті мемлекеттің құрамында Қазақстанның барлық халықтарының бірлігі мен араласуының негізі ретінде қалыптастыру;
- патриотизм ең жоғары ұлттық сезімдердің бірі ретінде көрінуі, әр қазақстандыққа өз Отанының – полиэтникалы, демократиялық және еркін елдің ажырамас бөлігі ретінде сезінуге мүмкіндік береді.

Гуманитарлық әлемдік танымның әлсіреуіне өзінің жағымсыз үлесін бұқаралық ақпарат құралдары да қосады. Олар көпшілік мәдениетті үгіт-насихаттап, адамдарды ақпаратсыздандырады, еңбекқорлық сияқты дәстүрлі құндылықтарды таптап, тұтынушылық пен тыраштануға қызығушылықты оятады. Бүгінде қоғамды бекітетін идея мен идеалдардың бос кеңістігі көзге ұрып тұр.

Қазақстан Республикасының ұлттық идеясын іске асырудың *саяси механизмдері* мыналар болып табылады: Қазақстандықтар қабылдаған «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының моделі, оның құрылымы туралы көзқарастары кез келген демографиялық және әлеуметтік-кәсіби топта қазақстандықтардың көпшілігімен жікке бөлінеді. Қоғамның санасындағы мұндай жоғары құндылықтардың барабарлығының болуы жаңа қазақстандық идеологияны құру үшін негіз бола алады.

Біз қазақ ұлты дегеннен оған қарағанда ауқымы және мазмұны әлдеқайда кең «Қазақ елі» дегенге ынталымыз. Сонымен қатар айтарым, бүгінде қазақ тілі тек бір ұлттың тілі емес, оның мәртебесі өсіп, Қазақ елінің, мемлекетінің тілі болып отыр. Қазақ елі азаматының (этносына қарамай) мемлекеттік тілді білуі, сол тілде сөйлеуі – оның азаматтық әрі патриоттық борышы.

Қазақ халқы өзіне жүктелген аса маңызды жауапкершілікті сезіне отырып, бұл тарихи миссияны абыроймен атқарып шығады деп сенемін».

Қазақ мәселесі дегенде Елбасы қазақтардың елдік істегі тарихи миссиясы туралы айтып отыр. Қазақтың өзіне тән ішкі мәселесі, оның шешімі ұлттың, елдің зиялы қауымының үлесінде болуы тиісті, мәселе қазақтардың ұлттық емес, елдік санасында болып отыр. Қазақ елі мәңгілік болуы үшін қағылатын қазықтар туралы болып отыр.

Мұнда екі мәселе бар. Бірі – мемлекеттің сыртқы саясаты, халықаралық ұйымдар жұмысына белсене араласу, екіжақты және көпжақты өзге мемлекеттер мен дипломатиялық қарым-қатынастар орнатып, оны жетілдіру, халықаралық ұйымдар, форумдар, саммиттер жұмысына араласу [2].

Демек, мемлекеттік тілде сөйлеп қана қоймай, сол тілде құндылықтар жасап, оны келесі ұрпаққа өткізетін ұрпақ тәрбиелеу мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыты болуы түсінікті әрі табиғи жағдай болса керек.

Жоғарыда баяндалған ұлттық идея – ел санасы, нақтылап айтсақ, Қазақ елінің санасы!

Ұлттық тәрбие ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Ал ұлттық тәрбие мәселесі – адамзат тарихынан өмір бойына ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде адамзаттың өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде де жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұраттарға қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, тұлға бойындағы құндылықтар мен ар тазалығы және басқа қасиеттерді жатқызуда болады.

Ендеше жас ұрпақтың рухани бай, адамгершілігі мықты, қарым-қатынаста өмір сүруіне жағдай жасау кезек күттірмейтін мәселе екені анық.

Ана тіліміздің қадір-қасиеті ұлттық ой-санаға негізделеді. Ұлттық ой-сана қалыптаспай, тіл туралы айту қиын. Бүгінгі күнде тіл туралы айтылатын мәселелердің көбісі бір жақты болғаны да сондықтан. Ой-сананың қалыптасуы тікелей ұлттық рухқа байланысты. Яғни бәрінен бұрын ұлттық тәлім-тәрбиеге мән беру керек. Сонымен қатар, егер де тіл заман талабын үндестіре алмай, ой-санадан ешқандай қолдау көрмесе, оның жетімсіреп қалатыны да сөзсіз. Ана тіліміздің миссиясын тек білім ошақтарына ғана арқалатпай, барлық кәсіби-өндірістік мекемелерге де жүктеу керек. *Егер әрбір салада ана тіліміздің мемлекеттік тіл екенін сездіре білсек, ұлттық сананың оянарына сенім бар* [3]. Ұлттық идея ешқашан бірден және бірсарында қалыптаспайды. Оның қалыптасуына түрлі кезеңдерде сыртқы факторлармен қатар ішкі факторлар да әртүрлі ықпал етеді.

Бүгінде екі өзекті мәселе бар: бірі – ұлт, екіншісі – идея мәселесі.

Ұсынылатын формуланың қызметі – қазақстандықтардың ұлттық идеяға қызығушылығын оны қалыптастыруға мүдделі процеске айналдыру, ал содан кейін жалпы түрде қабылдау мен іске асыру.

Жалпы қабылданған ұлттық идеяның қызметі – жарқын болашақта қазақ халқы неге қол жеткізуге ұмтылатынын қазақ ұлтының ісі мен ұмтылыстарын білдіріп, барлық қазақстандықтарды қазақ ұлтына біріктіру, барлық әлем үшін тұлғаны анықтау.

Әлемді өркендететін идеялардың қалыптасуына белгілі бір ықпалды жасауымен Қазақстанның ерекшелігі анықталады.

Ұлттық идея әр нақты адам үшін пайдалы идея болуы тиіс.

Әлеуметтік саясат саласында адамзатты дамытуға бағытталған бағдарламалар және адам үшін қауіпсіздіктің мынандай түрлерін экономикалық, азық-түліктік, экологиялық, жеке, қоғамдық, саяси қауіпсіздік және денсаулық үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және нақты әрекеттер керек. Өз дамуында өзінің жақындағы өткенінен артта қалып отырған және экологиялық және экономикалық қауіпсіздіктің өлшемдерімен қамтамасыз етілмеген тұрғындар мемлекеттің стратегиялық дамуын жүзеге асыруға қабілетсіз.

Экологиялық саясат саласында қызмет пен тұрмыстың барлық салаларында, табиғатпен қатынаста, болашақ ұрпаққа балалар мен немерелер тұлғасындағы қатынаста экологиялық таза қатынастарға қол жеткізуіміз керек. Экологиялық саясат әлеуметтік мәселелерді туғызбау керек, ол оларды шешуді қамтамасыз етуі тиіс.

Экономикалық саясат саласында жүйелілік, әлеуметтік бағдарламаларды шешуге және экологиялық қолайлы жағдайды жасайтын бағдарламаларға бағыттылық керек. Экономикалық бағдарламалар егерде олар экожүйені бүлдірсе және әлеуметтік ортаны нашарлатса жүзеге асырыла алмайды, себебі кері кеткен экожүйелер, білім деңгейінің төмендеуі және адамның денсаулық жағдайының нашарлауы елдің даму мүмкіндігін шектейді.

Экономика – әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешудің құралы. Елдің тұрақты прогрессивті дамуына, болашақ ұрпақтың қажеттіліктерінің алдында қазіргі ұрпақтың басымдықтарын қамтамасыз етуге көшу керек. Жол біреу ғана – экологиялық және әлеуметтік прогресс жолындағы қозғалыстағы үш саясаттың бірлігі.

Ұлттық идеяның атрибуттары егемендік түрінде мемлекеттік жалау түсіндегі төлқұжат, ұлттық валюта, «үлкен ағадан» тәуелділіктің жоқтығы және т.б. болып табылады.

Демографиялық зерттеуде сәттілік белгісі ретінде туу, өлім, өмір сүру ұзақтығы, миграциялық сальдо болды. Зерттелген факторлардың ішінде қоғамның идеялық-рухани жағдайын көрсететін төртеуі маңызды болды. Мемлекеттің өркениеттік ұқсастығы – формалды емес параметрі, бірақ біз оны санауды ұсындық, одан әрі мемлекеттік басқару сапасы. Өмір деңгейі – демографиялық сәттіліктің материалды факторы. Олармен бәрі оңайырақ бұлар есептелетін, статистикалық заттар [4].

Бүгінгі күндегі мемлекеттің табыстылығының үлгісі немесе факторлық пішіні тарихи қалыптасқан [5].

Қазақстанның ұлттық идеясы мәселесіне басқару тәсілі «сөйлесу мен тарауды», ал мемлекеттің өмірге қабілеттілігіне төнетін қауіптерді зерттеу ұстанымын, әрекет ету жоспары мен емдеу тәсілін беруді білдіреді.

*Қазақстанның ұлттық идеясының бірнеше қызметін (немесе міндетін) көруге болады.*

*Жеке өмір мен қажеттіліктер жоспарында:*

- мотивациялық;
- психологиялық ұйымдастырушылық;
- ұлттық жұмылдырушы, кіріктіруші, біріктіруші;
- әлеуметтік мінез-құлықтық бағыттаушы;
- құндылықты анықтаушы;
- патриотизмді қалыптастырушы.

*Басқару потенциалы мен энергетика жоспарында:*

- қауіпсіздік ұғымының мазмұнын толықтырушы;
- мәдениет, тәрбие, білімнің ұлттық жүйесінің қалыптасуы мен ұйымдастырылуының мазмұны мен мәнін құраушы;
- пассионарлық көтерілу мен жасауға халықты жұмылдыру;
- ішкі және сыртқы саясатта (мемлекеттік басқару салаларындағыдай) саяси-құрамдас бастама;

– әлеуметтік-экономикалық саясаттағы құраушы бастама;

– үгіт-насихат саясатындағы құраушы бастама.

Қазақ – бүгін де ұлы идеяға ие болған ұлт. Қазақ – түлеу жолына түскен, өз бойынан пассионарлық қуат тапқан ұлт».

Ұлттық құндылықтар дегеніміз қазақтың дәстүрлі мәдениетіне негізделуі керек. Бүгін ұлттық құндылықтар жаһандық процестерге байланысты тарылып келеді. Жаһандану жақсы жақтарымен қатар ұлттық мәдениетке өзінің залалын тигізіп қана қоймай, біздің ұлттық мәдени кодымызға кері әсерін де тигізіп отыр.

Осы зерттеуде сол немесе ұсынылған ұлттық идеяның қабылдауға тікелей ықпал ете алатын, сондай-ақ оған сай әрекет етуге дайындығы Республика тұрғындарының тәртіптік және мақсаттылық бағыттылығы, құндылықтарының ерекшеліктері анықталды. Қазақстандық қоғамды жұмылдыру нүктесін анықтауға мүмкіндік беретін бұқаралық санадағы басымдылықтарының ішіндегі мәндік тұжырымдар, ұлттық құрылыстың қолайлы үлгісін іздеуге кедергі келтіретін сондай-ақ мәселелі зоналар бөліп көрсетілген.

Сонымен ұлттық идея – атамекенінде өсіп-өнетін халықтың тоқтамы мен үміті, елдікті ту ететін еркіндік пен естіліктің есесі.

#### Әдебиеттер

- 1 Соколов С.В. Социальная философия: учебное пособие для вузов. – М.: Юнити-Дана, 2003. – С. 200-203.
- 2 Шабаяев У.П., Садохин А.П. Этнополитология: учебное пособие. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005. – 319 с.
- 3 Шелер М. Избранные произведения. – М.: Гнозис, 1994. – С. 234.
- 4 Набоков В. Лекция по зарубежной литературе. – М.: Независимая газета, 2000. – 512 с.
- 5 Топиш Е. «Война» Сталина. – М.: Наука, 1995. – С. 250.

#### References

- 1 Sokolov S.V. Socialnaya filosofia: ushebnyaya posobie dlya vuzov. – M.: Uniti-Dana, 2003. – S.200-203.
- 2 Shabayev U.P., Sadohin A.P. Etnopolitologia: usheb.posovie. – M.: Uniti-Dana, 2005. – 319 s.
- 3 Sheler M. Isbrannyye proizbedenya. – M.: Gnozis, 1994. – S.234.
- 4 Nabokov V. Lekciya po zarubejnoi literature. – M.: Nezabisimaya gazeta, 2000. – 512 s.
- 5 Topish E. Voina Stalina. – M.: Nauka, 1995. – S.250.